

І ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

июнь Жексенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

және ейтілсін

анының көптеген қол-
ндай. Бұл ауданның
мдары мен ауылшар-
мал қораларын салу-
сол аудандағы озат
үлгісімен ұйымдас-
кенже қалып келеді.

салу және жөндеу жұ-
анғысыздығы, оған бас
жесінде болмай отыр-
ғұндай мысалдарды көп
ды. Өйткені, бұл жұ-
Булаев, Соколов, Ко-
әне басқа аудандарда

салу және жөндеу —
уашылығын өркендету
рудың негізгі мәселесі-
шаруашылық орында-
лти және совет ұйым-
және жөндеуді бар-
кеңінен өрістетуді қам-
мысқа күнбе-күн, жан
ауға, құрылыс жұмыс-
күшейту жөнінде бар-
дануға міндеттейді.

вандай, бұған облыс-
ығында болса да мүм-

Егін орағына әзірлік

Жас комбайншының игілікті ісі

Ильич атындағы МТС-тің жас ком-
байншысы, комсомолец К. Поликарпик
жолдас өткен жылы «С—1» комбайны-
мен 600 гектар алаңның егінін жыйнап,
маусымдық жоспарды артығымен орын-
дан шықты.

Озат комбайншы егін жыйнауға үздік
табысқа жетуді көздеп, быыл да ком-
байн жөндеуде жаямай еңбек етіп жүр.
Ол өткен жылдың күзінде -ақ 18-ге
жуық комбайн моторын жөндеген бола-
тын. Бұл күндері ол МТС-те комбайнның
астық бастыратын, дән айыратын бөл-
шектерін жөндейтін торапты басқарып
жүр. Оның жөндеу торабындағы механи-
заторлардың барлығы дерлік күндік нор-
маны артығымен орындап келеді. Жас
комбайншының және оның істестерінің
жөндеу жұмысында күрделі табысқа же-
туі — жөндеу құрал-жабдықтарын іске
түгел қосудың, осымен бірге, уақытты
тиімді пайдалана еңбек етудің игі нәти-
жесі.

Жас комбайншы Қазақ ССР Министр-
лер Советі мен КК(б)П Орталық Комите-
тінің республикамыздың колхоздары мен
совхоздарында дәнді дақылдардың шы-
ғымдылығын арттыру жөніндегі қаулы-
сына байланысты бийымты егін орағын-

Облыс колхоздары мен совхоздарында шөп жыйнауды және мал азығын сүрлеуді өткізу туралы

Облыстық Совет аткомі мен КК(б)П об-
лыстық комитетінің бюросы облыс кол-
хоздары мен совхоздарында 1952 жылы
шөп дайындауға және мал азығын сүр-
леуге әзірлік мейлінше қанағаттанғысыз
жүргізіліп отырғанын атап көрсетеді.
Шөп машиналарын жөндеу ісінде, әсіресе,
Полудень, Булаев, Преснов, Петропавл,
Мамлют аудандарының колхоздары, Коно-
вадов, Преснов, Вильямс атындағы,
Ильич атындағы және басқа бірқатар
МТС-тер артта қалып келеді. Сол сыяқ-
ты, облыстың совхоздарында да шөп жый-
найтын құрал-саймандарды жөндеу аяқ-
талған жоқ.

Пішен шабу және мал азы-
ғын сүрлеуді өткізуге әзірлену қарқыны-
ның төмен болуы облыстық ауылшар-
уашылық басқармасының совхоздар тресі-
нің, бірқатар аудандардағы партия, совет
және ауылшаруашылық орындары басшы-
ларының біржақты көктем егісі жұмыста-
рымен ғана шұғылданып, мұндай маңыз-
ды іске жеткіліксіз көңіл бөлгендігін дә-
лелдейді. 1951—1952 жылғы қыста көп-
теген колхоздар мен совхоздар шөп жый-
нау және мал азығын сүрлеу жұмыста-
рын нашар ұйымдастыру салдарынан қо-
ғамдық мал басын жемшөппен жеткілікті
мөлшерде қамтамасыз етпеді. Осының
салдарынан мал шаруашылығында едәуір
шығындарға жол берілсе де, өткен жыл-
дың кемшіліктері қайталанып отыр.

1952 жылы мал азығын дайындаудың
тағайындалған мемлекеттік жоспарын сөз-
сіз орындау және колхоздар мен совхоз-
дардың қоғамдық малын шөп және құнар-
лы азықпен қамтамасыз ету мақсатында
облыстық Совет аткомі мен КК(б)П обке-
мінің бюросы қаулы етеді:

1. Облыстық ауылшаруашылық басқар-
масы (Омельяненко жолдас), совхоздар
тресі (Зенченко жолдас) алаңның атком

мысшыларының шөп жыйнау, шөп сүр-
леу жұмыстарына толық қатыстырылуы
қамтамасыз етілсін, олар ішкі шаруашы-
лық және екінші кезектегі жұмыстардан
бөсатылсын, жемшөп дайындау жұмысын-
да жүрген әрбір колхозшы мен совхоз жұ-
мысшысының күндік және сменалық тап-
сырмаларын сөзсіз және артығымен орын-
дауы қамтамасыз етілсін;

в) шөп шабу кезінде барлық шөп
жыйнау машиналары жұмыс күні бойына
толық қуатымен пайдаланылсын, әрбір
ат шөп машинасы мен трактор агрегатта-
рының күндік және сменалық тапсыр-
маларды толық және артығымен орын-
дауы қамтамасыз етілсін;

г) колхоздар мен совхоздарда жемшөп-
тердің толық есепке алынуы және талаң-
тарапқа салушылықтан, өрттен сақталуы
ұйымдастырылсын, жемшөптің мерзімінен
бұрын малға берілуіне жол берілмесін
және шөп шабудың алғашқы күндерінен
бастап мал азығын мал қыстайтын орын-
дарға тасу ұйымдастырылсын.

3. Мал азығын сүрлеу жоспарын орын-
дау мақсатында мыналарды жүзеге асыру
қажет:

а) колхоздар мен совхоздарда шөп сүр-
леу құрылыстарын салу және жөндеу
ұйымдастырылсын, олардың шөп сүрлеу
басталғанға дейін аяқталуы және әрбір
колхоз бен совхоздың шөп сүрлеу жо-
спарын орындауын қамтамасыз ету мөл-
шері алдын ала қарастырылсын;

б) сүрленетін дақылдарды мұқият кү-
ту және оларды деркесінде жыйнау
қамтамасыз етілсін, сүрленетін дақыл-
дардың шабылмай тұруына және басқа
мақсаттарға пайдаланылуына, сол сияқ-
ты, сүрленетін дақылдарды шабу мен
оларды траншеяларға салу арасында ал-
шақтыққа жол берілмесін.

4. 1952 жылы әрбір МТС және совхоз

тасу жұмысында жүрген МТС шоферла-
рына күндік жұмыс нормасын орындаған
жағдайда негізгі еңбек ақысынан тыс
сүрленген әрбір тонна шөп үшін қосым-
ша 50 тыйын төленсін. Шоферларға ақы
төлеу МТС агрономы мен колхоз предсе-
дателінің қабылдау актысы негізінде ав-
томобиль транспорты жұмыстарынан тү-
сетін кіріс есебінен жүргізілсін.

8. Егер қажет деп тапса, колхозшы-
лардың жалпы жыйналысының қарары
бойынша колхоздардың шөп жыйнау
жұмыстарына қосымша жұмысшы күшін
тарту үшін және қоғамдық мал шар-
уашылығын жай және құнарлы жемшөп-
пен қамтамасыз ету жоспарын сөзсіз
орындау мақсатында үкметтің жоғарыда
аталған қаулысына сәйкес 1952 жылы
жемшөп дайындауда жүрген колхозшы-
ларға сыйлық берудің мынадай тәртібі
ұсынылсын:

а) шөп жыйнау жұмысында жүрген
колхозшыларға еңбеккүн үшін негізгі
ақы төлеуден тыс жыйнаған және шөме-
делеген шөбінің оннан бір бөлегі берілсін;

б) ат шөп машиналарында жұмыс іс-
тейтін колхозшыларға егін орағы бастал-
ғанға дейінгі мерзім ішінде 40 гектардан
тыс шапқан әрбір гектар жер үшін 20
килограмм шөп берілсін. Колхозшыларға
шөп шабуда сыйлық үшін есептелген
шөп үе және оны өлшеп қабылдауға бай-
ланысты берілсін. Қоғамдық мал басының
қамтамасыз етілуіне байланысты колхоз-
басқармасының ұйғаруына қарай колхоз-
шыларға берілетін шөпті сабанға және
басқа мал азығына айырбастап беруде
руқсат етілсін;

в) тағайындалған нормадан тыс шөп
сүрлеуде артық жұмыс істегені үшін
колхозшыларға еңбеккүн екі есе артық
жазылатын болсын.

9. совхоз директорлары шөп шабу жа-

шаруашылықтардың игілігіне айналады мәселесімен ауылшаруашылық орындары бұрынғысына күні бүгінге дейін мықтап шұғылданбай келеді. Тұрасын айтқанда, олардың мал қораларын салуға және жөндеуге деген басшылығы мен көмегі мүлдем жеткіліксіз болып жүр.

Мысалға тағы да Совет ауданына тоқталайық. Бұл ауданның қай колхозында болса да мал қораларын салуды кеңінен өрістетуге мүмкіншілік жеткілікті. Солай бола тұра да, аудандық ауылшаруашылық бөлімі және колхоз-село құрылыс бөлімі колхоздарда мал қораларын салу мәселесімен күні бүгінге дейін дәйекті шұғылданбай, мұның орнына, олар қораларды салу және жөндеу жұмысын екінші кезекке қалдырған. Істің жайы жоғарыда

жол берілмеуі керек. Өйткені, құрылыстың алдын-ала жасалған жобасы жоқ дегеніміз — колхоз қаржысын орынсыз жұмсау деген сөз. Ал, құрылысты тек қана тез салып, арзанға түсіру керек, құрылыс процесінде мал қораларындағы барлық жұмысты механикаландыруды алдын-ала қарастыру қажет.

Мал қораларын салуды және ескі қораларды жөндеуді барлық шаруашылықтарда қызу қарқынмен ұйымдастырып, бұл жұмысқа құрылысшы бригадаларды жаппай жұмылдыру — колхоз және совхоз басшыларының, сол сыяқты, жергілікті партия, совет ұйымдарының бүгін таңдағы кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі болып саналады.

Мерзімінен бұрын орындады

Петропавлдың «Прогресс» кәсіпшілік артели социалистік жарысты кең өрістетіп отырып, тапсырманы үнемі асыра орындап келеді. Осының нәтижесінде артель коллективі жартыжылдық жоспарды мерзімінен бұрын 113 процент орындап, жоспардан тыс 165 мың 400 сомның өнімін берді.

Коллектив май айында өнім шығару жоспарын 102 процент орындаса, июнь айына арнап алған көтеріңкі міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындау жолындағы күресте қажырлылықпен еңбек етіп келеді.

Артельдің Герасименко жолдас басқарған мінсіз сапалы өнім шығаратын бригадасы 5 айдың өндірістік жоспарын 146,7 процент орындады, жоспардан тыс 6890 сомның өнімін шығарды. Бұл бригаданың таңдаулы стахановшылары Филиппова, Шихирина және Захарова жолдастар нормаларын айдан айға асыра орындап коллективке үлгі болуда.

Кәзір артель коллективі барлық күш-мүмкіншілікті жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға жұмылдыруда.

Д. ӘБІЛҚАСОВ.

Өнімнің жаңа түрлерін өндіру

Әрбір операцияны мінсіз атқару жолындағы социалистік жарысқа қосылған Петропавл қаласындағы «Галантерейшілік» кәсіпшілік артелинің коллективі игі жетістіктерге не болып келеді. Олар галюлит қалдықтарынан әсем түймелер жасап шығаруды меңгерді. Мұның өзі артельге жылына 12 мың сом қаржы үнемдеуге мүмкіндік туғызды.

Өндіріс шебері Давыдов жолдас басқарған бригаданың коллективі өнімнің са-

пасын едәуір жақсартып, шығынды мейлінше азайтты. Сонымен қатар, белгіленген норманы асыра орындауға жетістігі. Бригаданың стахановшы токарі Ольга Макушина, штамповщица Анастасия Гмызина жолдастар кәзір күніне екі-үш адамның жұмысын атқарып жүр.

Артельде мұндай өндіріс озаттары көптеп саналады.

Қ. АСАНОВ.

орындамайды. Слесарь Николай Кузьменко жолдас та сменалық тапсырмасын ұдайы 125 проценттен орындап келеді. Механизаторлардың күнбе-күн өнімді еңбек етуі нәтижесінде совхозда комбайн паркін жөндеу жөніндегі жоспар 70 проценттен аса орындалды.

Е. ЖӘКЕНОВ.

тында мына шаралар жүзеге асырылсын; а) шөп жыйнауды агротехникалық қолайлы мерзімдерде өткізу қамтамасыз етілсін, шөп шабу, шабылған шөпті үю егін орағы басталғанға дейін аяқталсын, шөп шабу мен маялау арасында алшақтыққа жол берілмесін; б) колхозшылардың және совхоз жұ-

еске ал колхозш талқыла бекігенн 7. Со жылығы сәйкес а) ко



Пішеншілердің өнімді еңбегі

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Түркстан ауданындағы колхоздардың шабындығы ондаған километр болады. Мұнда быйыл шөп әрі бітік, әрі биік. Көксарай МТС-інің механизаторлары ондаған пішен машиналарымен шөп шабуға кірісті. Олар шөпті тез жыйнауға жұмылып, бірінші күннен бастап жарысты қыздыра түсті. Жарыста өздігінен жүретін пішен машинасының машинисі Тұрсымбаев жолдас алда келеді. Ол күніне норма бойынша 30 гектардың орнына 50 гектарға дейін пішен шабады. Кәзірдің өзінде ол бір мың гектар жердің шөбін шауып болды. Машинистер Әбдіразақов, Ташметов және басқа жолдастар тапсырманы екі еседен асыра орындайды. Осы машинистердің көмегімен Карл Маркс атындағы және «Коммуна» колхоздары қоғамдық малға бір жарым жылдық жемшөп қорын жасады.

Көксарай станциясының механизаторлары егін жыйнау басталғанша өздігінен жүретін әрбір пішен машинасымен бір жарым мың гектар жердің шөбін шабуға міндеттеме алды. Облыстың механизаторлары бұлардың инициативасын кеңінен қостауда.

Беде шабуға

Алматы облысының колхоздары бедені бірінші рет шабуға кірісті. Еңбекшіқазақ ауданындағы «Октябрь» ауылшаруашылық артелинің 700 гектардан аса бедесі бар. Бірінші рет шапқанда беденің әр гектарынан 36 центнер шөп түсті. Колхозшылар екі жүз гектар бедені тұқымдық участкаға қалдырып, қалғанын тағы да 2—3 рет шабуға ұйғарып отыр. Тұқымдық беде егісінен мол өнім алу шаралары белгіленді. Тұқымдыққа арналған

участокт ғаннан теп кор лады. А дандары уашылы рісті. Ба кен жы колхозда гектар

Колхозшылардың пионер

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Қарабұлақ ауылындағы «Освобождение» колхозы Пограничный МТС-інен қой қырқатын электр агрегатын алдырды. Бригадир Анна Кабинцеваға жергілікті мектептің пионер вожатыйы София Шпикова келіп:

—Кеше біздің дружинамыз қойды электр машинасымен қалай қырқатынын көрді. Біз қырқытқышылардың қойды ұстауға және қыркуға әзірлеу үшін көп уақыт жұмсайтынын байқадық. Пионерлер қой қырқуды тезірек аяқтау үшін колхозға көмектесуді ұйғарды, —деді.

Түскі тамақтан кейін әр қырқытқышының қасында жас көмекші пионерлер жү-

мыс іст ұстап, к тез және бұрын к лу үшін татып к көмекші діксіз ж аяқталға нәтижесі хабар ж арқасын артық к оларға

Афоризмдері

«Досына мұнына соншалықты үйіліп жатпайды, асың, сыр аң» дейді. Оны қызықтыратын көбінесе сыртқы жалтылдақ көрініс. Ол мына бір афоризмде:

Тұшпардың сыны толар ма
Тасынан шауып, топта озбай,
Сен де түс думан сонарға

Қасында еш кім жоқ та озбай, — деп совет жасының алдына көптен озып шығу талабын қояды. Бірақ, мұны феодализм дәуірінің «кас жүйрік бап талғамайды» деген ескі ұғымына салыстырады да «сенің кереметтілігің, өнерлілігің алдың ала дайындамай -ақ, жөспір ойлау-сыз кенеттен топқа түсіп, озып шығуыңда» деп социалистік құрылысқа мүлде жат пікірді дәріптеп ала жөнеледі.

Саяхатшының осы секілді сын көтермейтін афоризмдері толып жатыр. Оларды түгел талдап жатудың қажеті жоқ.

Жұмағали жазған афоризмдердің әр жолы дерлік сәтсіз болып шығуының себебі не? Оның себебі ақынның ең алдымен афоризм сөздердің көркем әдебиеттің басқа салаларынан басты ерекшелігі неде екенін аңғара алмағандығында.

Көркем әдебиеттің басқа жанрлары секілді афоризмдер де өмірде дерегі жоқ күр ақындық фантазиядан тумайды. Көркем әдебиет өмірдің өзіне сүйене отырып, сол өмірдің жақсы, жаманы адамдардың іс әрекеті, ой дүниесі, жан талқыны арқылы ашып береді. Ал, афоризм белгілі бір ортаның белгілі бір дәуірдегі салт-санасынан туады. Реалистік шығарма сол салттың жаманы қайсы, ескірін тозғаны қайсы, жақсылығы неде? — соны кең талдап ашады. Ал, афоризм қайта сол салтты, сол моральді, этиканы дәріптей түседі. Соның қағидаларын оқушыға норма есебінде ұсынады.

Біздің календарь

И. Н. Крамской

(Туғанына 115 жыл толуына)

Иван Николаевич Крамской — орыс искусствосының аса ірі қайраткері және XIX ғасырдың екінші жартысындағы аса көрнекті живописеці. Ол орыстың ұлттық реалистік және демократиялық искусствосының өркендеуі жолында орасан зор роль атқарды.

Өз уақытында орыс искусствосының дамуында үлкен прогресшіл роль атқарған көркемсурет Академиясы XIX ғасырдың екінші жартысында терең дағдарысқа ұшыраған еді. Ол реалистік искусствоның дамуына кедергі жасай бастады. Оның басшылары ескірген принциптерді мызғымайтын, өзгермейтін етіп сақтауға тырысты, искусствоны өмірден, халықтың тілегінен бөлектеп қоршап қоюға тырысты.

Крамской бұл жансыз, қатып қалған, жасанды принциптермен келісе алмады. Академиялық ережелерге оның разы еместігі басқа оқушылар да да болды. Бұл наразылық 1863 жылы күресті бітірген 14 оқушының жасаған «бүлікіне» барып тоғысты, олар скандинав мипологиясынан алынған, өмірден аулақ тақырыпқа диплом жұмысын жазудан бас тартып, Академиядан шығып кетті.

Бұл топтың басшысы және рух берушісі Крамской болды. Академияға қарсы «бүлікті», сол кездегі қоғамдық өмірден бөлектеп алып түсіну мүмкін емес. Ол кездегі барлық алдыңғы қатарлы орыс адамдары 1861 жылғы реформадан кейін Ресияда қалған крепостнойлықтың қалдықтарымен келіспес және аяусыз күрес жүргізуде еді. Бұл күрес ғылымда, публицистикада, әдебиетте және искусствода көрініс берді.

Художник-дипломшылардың бас көтеруі өзінің сыйпаты, өзінің батылдығы жағынан орыстың көркемсурет мәдениеті тарихында болмаған оқыйға болды. «Бүлікке» қатысушылар — Крамской мен оның жол дасары көп жылдар бойына полицияның астыртын бақылауына тектен-текке түскен жоқ-ты.

Крамской жас художниктерді «Художниктер артеліне» біріктірді, сөйтіп, бұл бірігудің ұйымдастырушысы

және идеялық басшысы болды. Артель мүшелері тұрмыс коммунасын ұйымдастырды, зақаздарды бірлесіп орындады және өздерінің білімдерін үздіксіз арттырып отырды. Көп ұзамай артель нығайып, өзіне жаңа жас күштерді тартып алды.

Крамскойдың ең алдымен, аса көрнекті көркемдік искусство қайраткері деп ойлау әдетке еніп кеткен. Кейде оның художник ретіндегі ролі жеткілікті бағаланбайды. Мұндай көзқарас мүлдем қате. Ол өзінің творчествосымен реализмнің және демократиялық идеялықтың принциптерін жақтап, отандық мәдениетке аса ірі, баға жеткісіз үлес қосты.

Художниктің творчестволық мұрасының ең маңызды бөлігі орыстың қарапайым шаруалары мен сол кездегі интеллигенцияның алдыңғы қатарлы өкілдері портреттерінің тамаша сериясы болып табылады. Бұл еңбектерінде художниктің гуманизмі, оның еңбек адамдарына, халық мүдделерін бейнелеушілер мен қорғаушыларға сүйіспеншілігі көрінді. Оларда, сонымен қабат, Крамскойдың психолог-портретшілік тамаша шеберлігі де көрінді. Ең маңыздылары шаруалардың портреттері — «Ағаш қорғаушы», «Жүген ұстаған шаруа» және басқалары болып табылады. Л. Н. Толстойдың, И. А. Гончаровтың, И. Е. Репиннің, Н. А. Некрасовтың, М. Е. Салтыков-Щедриннің портреттері де көпке әйгілі.

Крамской орыс искусствосында тамаша педагог ретінде де маңызды орын алады. Ол И. Е. Репиннің, М. М. Антокольскийдің және орыстың реалистік искусствосының көп басқа өкілдерінің ең ықпалды ұстаздарының бірі болды.

И. Н. Крамской күші мен талантының нағыз гүлденген шағында (49 жасында) қайтыс болды. Орыстың ұлы художнигі Илья Ефимович Репин өзінің ұстазы қайтыс болған күні былай деп жазды: «... Сен ұлттық мақтанышқа лайықсың, орыстың азамат-художнигі!».

А. ЛЕБЕДЕВ,

ССРО көркемсурет Академиясының мүше-корреспонденті.

Таяу Шығыстағы ағылшын-американ қайшылықтарының тағы бір көрінісі

ТРАНСИОРДАНИЯ КОРОЛІНІҢ ӨКМЕТТЕН АЛАСТАТЫЛУЫ

БЕЙРУТ, 5 июнь. (СОТА). Иерусалим радиосының хабарлауына, 4 июньде Трансиордания үкметі Трансиордания король бірінші Талалды өкметтен «уақытша» шеттеткен және елге билік жүргізетін жаңа совет тағайындаған. Үкметтің бұл қарары, корольдің денсаулығы соңғы кезде нашарлап кетіпті-міс, сондықтан, оның бұл кезде ел басқаруға қабілеті жетпейді-міс деген сылтауға сүйенеді. Алайда, Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, қазір Талал емделіп жатқан Трансиорданияның Париждегі дипломатиялық миссиясының өкілі 3 июньде корольдің ақыл-ой қабілеті едәуір нашарлады деген қақпты теріске шығарып, «корольдің денсаулық жағдайында ешқандай өзгеріс болған жоқ» деп мәлімдеді.

Сирияның «Аль-Файха» газетінің хабарлауына, Талалдың өзі Парижде мынадай мәлімдеме жасаған: мені өкметтен шеттетуге тырысқан әрекеттің бәрі ағылшындардың істеп отырған қастандығы.

Хабарлы қалың топтар, король Талалды ағылшындардың өкметтен аулақтатқандығы корольдің американдарды жақтайтындығына байланысты деп көрсетеді.

Ливан баспасөзінің жазуына қарағанда, бұдан бұрын да осы жөнінде ағылшындар мен Трансиордания үкметі бір жақ болып және король бір жақ болып, бірқатар мәселелер жөнінде елеулі тартыстар болған көрінеді.

КАНАДАНЫҢ ДЕМОКРАТИЯШЫЛ КҮШТЕРІНЕ РЕАКЦИЯНЫҢ ШАБУУЫ

ОТТАВА, 5 июнь. (СОТА). Қазір парламент комитеті Канаданың қылмыс кодексін өзгерту туралы жаңа заң жобасын талқылап жатыр.

Жаңа заң жобасы кодексі полицияның

Жерді жайып суаратын уақытша

ұрылыстарды тұрақты етіп қайта жасау

Қазақстанда шабындықтар мен жайыптарды суару ешуақытта бйылығ ктемдегідей кең өріс алып көрген емес. Ең жұмыстарға 1500-ден астам колхоз, 3-деген совхоз қатысты. 1200 мың адамнан аса жерді жайып суару, қарқатату үшін олар жылғаларда, сайлар, жыраларда 3 мыңнан астам тұрақты не уақытша қар-мүз бөгеттер, тоспалар жасады. Мұның өзі шөпті сусыз шабындықтағыдан 10-12 есе көп алтуға мүмкіндік береді. Жерді жайып суарудың пайдасы аса зор: су жайылған шабындық тектарына 20-30 центнерден жақсы пір береді, ал сусыз табиғи шабындық бәрі екі-бес центнер береді.

Қазақстанда жерді жайып суарғанда пайданылатын уақытша құрылыстардың көп таралған түрі — топырақ бөгет. Олардың әрқайсысының биіктігі 4 метрден 11 метрге дейін, кеңдігі жоғары жағында 3 метрден 6 метрге дейін, ұзындығы 250 метрден бірнеше километрге дейін болады. Бұл цифрлар бөгет жасағанда жер қазу жұмыстарының көлемі мен бағасын көрсетеді. Сондықтан бөгеттер тасқын судың жауын суының не басқа сондай табиғат құбылысының суынан сақталса, колхоздар мұнан кейін жылдарда ондаған мың сом қаржы емдер еді. Егер жерді жайып суаратын уақытша құрылыстар белгілі бір конструкциямен жасалса, олардың қызмет ету мерзімі өте ұзақ болады.

Қар суын тасқатату үшін колхоздарда сабаған көптеген уақытша бөгеттердің бізгі кемшіліктері мынадай: олар әртүр-

лі материалдан (топырақ, шым және басқалары) жасалған, олардың құрғататын қажетсіз суды ағызатын құрылыстары жоқ, баурайлары нығайтылмаған.

Алайда, мұндай бөгеттерді де тасқын судың бұзуынан сақтап, ұзақ мерзімге кететін тұрақты бөгеттерге айналдыруға болады. Мұның үшін әртүрлі материалдан жасалған бөгеттерді су жағынан су өтпейтіндей етіп қаптап, мұны бөгеттің табанына бір метр тереңдете жеткізу керек.

Мұның өзі судың бөгетке өтуіне жол бермейді. Бұл былай жасалады: бөгеттің баурайына қабат-қабат балшық немесе құм топырақ салынады; қол күшімен тығызданғанда бір қабаттың қалыңдығы 10 сантиметр, катокпен тығыздағанда 15-18 сантиметр болады. Су өткізбейтін мұндай қабаттардың жалпы қалыңдығы, судың тегеурінінің күшіне қарай 0,6 метрден 0,9 метрге дейін жеткізіледі. Қолмен тығыздағанда бір жер кемінде бес-жеті рет соғылады, әрбір қадам ілгерілеген сайын бөгеттің жабылған көлемі 15-20 процент өсіп отырады.

Бөгетке жабылатын балшықтың, құм топырақтың ылғалдылығы біркелкі дұрыс болуы үшін (құм топырақтың ылғалдылығы 15-18 процент, балшықтың ылғалдылығы 20-24 процент) оны бөгетке жанқанға дейін алынған орынның өзінде екі-үш күн бойына ылғалдандыру керек. Ылғалдылығы асып кеткен балшық, құм-топырақ жақсы тығыздалмайды.

Дұрыс ылғалданылған, жақсы тығыздалған балшық күңгірт түсті болады.

Беті жалтырап тұрса, ол балшықтың жеткілікті ылғалдандырылмағанын көрсетеді. Онда бөгетке жабылған тығыздалған қабатты қосытып, қайтадан ылғалдандырады, мұнан кейін керегіңше тығыздайды.

Бөгетке жабылған қабаттың су ағару табынымен жақсы байланысты болуына ерекше көңіл бөлу қажет. Бөгетке жабылған қабатты су шайып бұзбауы үшін оны ауыр қарабулармен нығайту керек.

Егер бөгеттің дренажы (су ағызатын трубалары) болмаса, ал су баратын табан бөгеттің негізінен әрі өтетін болса, онда бөгеттің баурайын неғұрлым жайып жасау, немесе бөгеттің сусыз жағынан қосымша топырақ үю ұсынылады.

Бөгеттің баурайының берік болуының зор маңызы бар. Мұның үшін жергілікті материалдардың болуына қарай, су жағындағы баурай тұрақты етіп тас қалаңады, немесе уақытша шыбықтармен, камыспен нығайтылады. Бөгеттің сусыз жағы ағаш отырғызу, шым жабу жолымен нығайтылады.

Су ағызатын тетіктері жоқ бөгеттер артық суды ағызуда мүмкіндік бермейді, мұндай жағдайда су бөгеттен асып, оның бұзылуы мүмкін. Су ағардың болмауы себепті бөгет жанында жыраның пайда болуы, топырақтың есілу қаупінің тууы Қазақстан ирригаторларының тәжірибесінде көп кездесті. Бөгетке су ағардың болуы қаншалықты қажет екендігі осыдан айқын көрінеді.

Құрғақ сайларға су жыйнау үшін бөгет жасағанда қосымша құрылысыз су ағарлар жасау неғұрлым тиімді келеді және ол арзанға түседі. Бұл су ағарлар-су қорының төмендеу деңгейінен шығарылатын жыралар. Кәдімгі топырақ

ры» деген хабарлар түскен болатын. Оң-

тоспалар жасау жолымен суды осы жыралар арқылы ағызуда болады. Бұл жыраларды суағызғып жасайды, немесе қолдан қазады, қажет болған уақытта жөндеп отырады. Мұндай су ағардың формасы әртүрлі болуы мүмкін. Ол тек өткізгіш сел суын мезгілінде ағызатын болуы керек.

Үнемі су беріп тұратын су көздерінде жасалған, жайып суаратын бөгеттерде тасқын суды өткізуге емес, өзен суын үнемі өткізіп тұруға арналған су ағарлар болуы керек. Тасқын су әдетте 15-20 күннен аспайды, ал оның суы жерді жайып суаруға пайдаланылады.

Су шаруашылығының құрылыстарын неғұрлым ұзақ уақытқа сақтау үшін, оларды жақсы күту керек. Топырақ бөгеттерді, тоспаларды, дамбаларды, әсіресе, су тасыған кезде үнемі бақылап тексеріп отыру керек. Су тасыған кезде бөгеттерді қадағалап, дер кезінде жөндеуінің арнаулы бригадалар құрылады. Басқа уақытта бөгетте күзетші тұруға тиіс.

Бөгеттердің, тоспалардың, дамбалардың тұрақтылығын бұзатын әртүрлі себептердің пайда болуы: топырақтың шөгудің, шайылуы, есілуі және басқа сондайларды ерекше бақылап отыру қажет. Мұндайлар пайда болса, участктік су технигімен, немесе су шаруашылығының аудандық инженерімен кеңесіп, бұзылған жерді тезінен жөндеп отыру керек.

Жерді жайып суаратын уақытша құрылыстарды тұрақты етіп қайта жасау республиканың колхоздары мен совхоздарының басты міндеті.

Х. САРИНГУЛАН,

«Казгипроводэлектро» институтының директоры.

мысындағы кемшіліктер да колхозшыларды кино қанағаттанғысыз екендігі

Облыстық киноландыртығының орынбасары А. Дас тексеріс жүргізгенде да көрсетілген фактілер кінәлі адамдарға әкімші қолданғандығын, колхоз қамту ісін жақсартуға болар қолданылғандығын лады.

«УДАРНИК» КИНО

Бүгін және күн сайын

«ҰМЫТЫЛМАС 1911»

Сеанстар сағат 6-8-10

СОЛТУСТІК ҚА
1952—19

Техникумда күнді оқыйтын кешкі бөлі. Техникум өнімді мамандығы жөніндегі

ды. Техникумның кү жасына қарамастан, әйел азаматтары қас

1 августан 20 ав метикадан, алгебрадан не ССРО Конституция жылында барлық пәне олар стипендияме

Өтініштер осы жпен бірге өмірбаяны, куәлігі, 3 фотосуреті зыңықтама қоса тапсыры документтерін тех

Оқу 1 сентябрьда Кабылдау емтихан Шығыс ұлттары, оқығаны үшін ақы т. Техникум жанында Техникумның адр Театр көшесі, 36-үй.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ:

Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакторлар

партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етіліме